



ӘОЖ 343.12
МҒТАР 10.79.25

Т.Ғ. Маханов

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ТЕРГЕУЛІКТІ БЕЛГІЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада автор қылмыстық істер бойынша тергеулікті белгілеудің кейбір мәселелерін қарастырып, қылмыстық процесте орын алатын проблемалы мәселелерді көрсетеді. Отандық және шетел ғалымдарының ғылыми еңбектеріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу және анықтау бойынша тергеулікті белгілеудің критерийлері зерттеліп, қылмыстық істердің тергеулігін реттейтін нормативтік нұсқамалар жүйесінен қылмыстық істің екі белгісін құрайтын жалпы тергеулік ережесі ұсынылады. Оған қоса автор статистикалық мәліметтерді талдап, тергеулікті белгілеу саласындағы жай-күйді сипаттайды. Сонымен бірге тергеулікті, оның ішінде баламалы тергеулікті белгілеуде прокурордың өкілеттілігі сипатталады. Аталған мәселені нормативтік реттейтін ҚПК-нің тиісті нормалары зерделеніп, прокурордың айрықша тергеулігі реттелетін нормалар сыналады. Қорыта келе, тергеулікті белгілеудің оңтайлы ережесі тұжырымдалып, аталған мәселені шешудің жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздер: қылмыстық процесс; алдын ала тергеу; анықтау; сотқа дейінгі тергеп-тексеру; тергеу органдары; прокурор; қылмыстық іс; тергеулікті белгілеу; критерий; ереже.

Т.Ғ. Маханов

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПОДСЛЕДСТВЕННОСТИ ПО УГОЛОВНЫМ ДЕЛАМ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Аннотация. В данной статье автор рассматривает некоторые вопросы определения подследственности по уголовным делам, раскрывает проблемные вопросы, возникающие в уголовном процессе. На основе исследований научных трудов отечественных и зарубежных ученых по вопросу определения подследственности по уголовным делам, выдвигаются положения о том, что признаки отнесения конкретных уголовных дел должны определяться на основе совокупности научно-обоснованных критериев определения подследственности, а не по одному из них. Кроме того, автор анализирует статистические данные и описывает состояние передачи уголовных дел по подследственности. Наряду с этим, характеризуются полномочия прокурора в определении подследственности, в том числе альтернативной. Изучены нормы Уголовно-процессуального кодекса, регулирующие вопросы исключительной подследственности прокурора. В заключении сформулированы оптимальные правила определения подследственности и предложены пути решения данного вопроса.

Ключевые слова: уголовный процесс; предварительное расследование; дознание; досудебное расследование; следственные органы; прокурор; уголовное дело; определение подследственности; критерий; положение.



T.G. Makhanov

The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Kosshy c., the Republic of Kazakhstan

SOME ISSUES OF DETERMINING THE JURISDICTION IN CRIMINAL CASES AT THE PRESENT STAGE

Abstract. In this article, the author examines some issues of determining the jurisdiction in criminal cases, reveals problematic issues arising in the criminal process. Based on the research of scientific works of domestic and foreign scientists on the issue of determining the jurisdiction in criminal cases, the provisions are put forward that the signs of attribution of specific criminal cases should be determined on the basis of a set of scientifically based criteria for determining the jurisdiction, and not by one of them. In addition, the author analyzes statistical data and describes the status of the transfer of criminal cases under investigation. Along with this, the powers of the prosecutor in determining the jurisdiction, including alternative, are characterized. The norms of the CPC regulating the issues of the prosecutor's exclusive jurisdiction have been studied. In conclusion, the optimal rules for determining the jurisdiction are formulated and ways to solve this issue are proposed.

Keywords: criminal process; preliminary investigation; inquiry; pre-trial investigation; investigative bodies; prosecutor; criminal case; determination of jurisdiction; criterion; regulation.

DOI: 10.52425/25187252_2023_29_103

Кіріспе. Қылмысқа қарсы іс-қимылдағы басым бағыттарының бірі қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, ашу, және тергеп-тексеру бойынша құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру болып саналады. Тиісінше қылмыстық процестің міндеттерін шешуде тергеулік институты маңызды орынға ие, өйткені қылмыстық-процестік заңнама сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу құзыретін тергеу органына жүктеген.

Тәуелсіздік алғаннан бері елдің тергеу аппараты көптеген ұйымдық-құрылымдық қайта құрулардан өтті, бұл жалпы қылмысқа қарсы іс-қимылдың тиімділігіне теріс әсерін тигізді.

Теорияда да, тәжірибеде де тергеу органдары арасында қылмыстық істерді тергеп-тексерудің тергеулігін белгілеудің даулы мәселелері жиі туындайды.

Қылмыстар құрамының жекелеген түрлерін тергеп-тексеру мен ашудың параллелдігі, жүктемесі, күрделілігі органдардың қылмысқа қарсы іс-қимылдағы күш-жігерін ажыратуға және сайып келгенде оның тиімсіздігіне әкелуі мүмкін. Бұл мәселе отандық құқық қолдану практикасында ғана емес, сол сияқты көптеген шетел елдерінде орын алып отырған мәселе. Тиісінше бұл тақырыпты әртүрлі ғылыми ортада, оның ішінде шетелдік

(АҚШ, Англия және басқа елдердің) ғалымдар өз ғылыми еңбектерінде талқылап келеді [1]; [2]; [3]; [4].

Мәселен, заң ғылымдарының докторы, профессор М.Ш. Қоғамовтың пікірінше, қылмыстық істердің тергеулігін дұрыс анықтау қылмыстық процестегі тергеу органының құзыретін белгілейді, оның проблемаларын шешу құқық қорғау органдары жүйесінің тұрақтылығына, оның жиі өзгерістерден қорғалуына, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің белгілі бір органының жұмысын ұйымдастыруға байланысты [5, 51 б.].

Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылықтарды бақылау және тиісті тергеулікті белгілеу мәселесі қылмыстық сот төрелігінің тиімді қызметінің ажырамас бөлігі бола, қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақалада қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша тергеулікті белгілеу жөніндегі шетелдік және отандық заңгер-ғалымдардың пікірлері мен ұстанымдары талқыланды, сондай-ақ кейбір шетел мемлекеттеріндегі практика талданды. Ұсынылатын мақалада зерттеудің жалпы теориялық ғылыми әдістері: формальды-логикалық, дедуктивтік, индуктивтік, аналитикалық, жүйелік-құрылымдық, сондай-ақ тарихи-құқықтық,



салыстырмалы-құқықтық, әлеуметтік әдістері қолданылады. Салыстырмалы-құқықтық әдісті қолдану арқылы қылмыстық-процестік заңнаманың ескі және қолданыстағы редакцияларын талдау арқылы тергеулік институты зерделенді. Әлеуметтік әдісті (сауал алу) қолдану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша алдын ала тергеуді жүргізудің аражігі ажыратылды. Статистикалық әдісті қолдану арқылы тергеулігі бойынша берілген қылмыстық істер динамикасы, жай-күйі анықталды.

Нәтижелер, талқылау. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 7-бабының 46-тармағына сәйкес тергеулік – осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруді қандай да бір қылмыстық қудалау органының құзыретіне жатқызатын, ҚПК-да белгіленген белгілердің жиынтығы¹. Бұл белгілер, яғни қай қылмыстық әрекетті сотқа дейінгі тергеп-тексеру (анықтау) қандай тергеу аппаратының құзыретіне жататындығы ҚПК-нің 187 және 191-баптарында нақты белгіленген.

Алдын ала тергеу мәселелерін қозғайтын көптеген ғылыми басылымдарды зерделеу көрсеткендей, қылмыстық істердің тергеулігін анықтайтын белгілердің не екенін түсінудің бірыңғай тәсілі жоқ.

Кейбір ғалымдар тергеулік қылмыс белгілері негізінде анықталады деп санайды [6]. Басқалары қылмыстық істі және алдын ала тексеру материалдарын заңмен белгілі бір органның қарауына жатқызу «осы мақсатта арнайы белгіленген нақты қылмыс белгілері (қылмыс түрі, оны жасау аймағы, қылмыс субъектісінің ерекшеліктері) негізінде» жүзеге асырылады деп санайды [7]. Өзге зерттеушілер тергеуліктің қылмыстық іс белгілеріне тәуелділігі туралы айтады [8, 53 б.].

Сондай-ақ Л.А. Татаровтың пікірінше, тергеулікті тек алдын ала тергеудің жалпы шарттарының бірі ретінде қарастыру керек, оның мазмұны тек қана ҚПК-мен белгіленуі тиіс [9].

Тергеулікті белгілеуге әсер ететін

жағдайлардың басым көпшілігін қылмыстық-құқықтық маңызы бар қылмыстық әрекеттің белгілері құрайтынын ескеру керек.

Тіпті «қылмыстық істің белгілері» терминін қолданатын авторлар да негізінен жасалған қылмысқа қатысты сипаттамаларды түсінеді. Мысалы, И.Л. Петрухин жасалған қылмыстың ауырлығы, қылмыс жасалған жер, қылмыс жасалған адам немесе қылмысты жасаған адам сияқты қылмыстық істің белгілері туралы айтады [10, 38 б.].

Ал В.М. Корнуков болса тергеулікті белгілейтін қылмыстық істің негізгі белгілердің қатарына:

- біріншіден, жасалған қылмыстың нысаны не объектісі белгілейтін түрі және, тиісінше, қылмысты көздейтін ҚК-нің бабы;

- екіншіден, қылмыс жасалған жері;

- үшіншіден, қылмыс субъектісі [11, 26 б.].

Алдын ала тергеу айыпталушының немесе куәгерлердің көпшілігінің орналасқан жерінде, жәбірленушінің тұрғылықты жерінде және т.б. жүргізілуі мүмкін. Сондай-ақ тергеулікке адамның лауазымдық не кәсіби дәрежесі әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты тергеулікті белгілеу тек қылмыс белгілеріне байланысты деп айту дұрыс емес.

И.С. Дикаревтің пікірінше, қылмыстық істің тергеулігін белгілеу контекстінде қылмыстық істің заңда анықталған белгілері ғана құқықтық маңызға ие [12].

В.М. Корнуков тергеуліктің бірнеше түрін ажыратып (пәндік, аумақтық және т.б.), олардың аражігін ажырату қылмыстық істің белгілі бір белгілеріне негізделгенін атап өтеді [11, 37 б.].

Кейбір ғалымдар тергеуліктің сипаттамасын анықтау кезінде белгілі бір қылмыстық істің заңды қасиеттеріне, белгілі бір тергеулік түрінің негізгі және көмекші белгілері болуы мүмкін екендігіне сүйене отырып, «тергеулік белгісінің» орнына «тергеулік түрі» санатын қолдану қажет екенін ұсынады.

Сонымен бірге олар тергеуліктің келесі үлгілерін белгіледі:

- 1) тарихи – қылмыс жасалған жер бойынша;


¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі №231-V ҚРЗ [Электрондық ресурc] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 05.06.2023).



2) дәстүрлі – пән бойынша: аумақтық және балама;

3) ерекше – арнайы және істер байланысы бойынша.

Заңгер-ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жүргізілген талдау нәтижесінде тергеулікті белгілеудің келесі критерийлері анықталды:



Нақты бір қылмыстық істің тергеулігі олардың бір белгісі бойынша емес, көрсетілген түрлердің жиынтығы негізінде белгіленуі тиіс.

Сонымен заңгер-ғалымдардың пікірлерін

талдай отырып, қылмыстық істердің тергеулігін реттейтін нормативтік нұсқамалар жүйесінен қылмыстық істің екі белгісін құрайтын жалпы тергеулік ережесін бөліп көрсету керек деп санаймыз:

пәндік

аумақтық

Дәл осы белгілерді есепке алу қылмыстық істің тергеулігін белгілеу процесінің қазіргі таңдағы бірінші және көбінесе жалғыз кезеңі болып отыр.

Оған қоса Л.А. Ералинаның пікірінше, тергеулік қылмыстың белгіленген заңды белгілерінің жиынтығы ретінде қарастырылуы керек, оларды дәлелдеуіне байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізу белгілі бір алдын ала тергеу органының қарауына жатуы тиіс [13, 171 б.].

Сонымен қылмысты саралау негізінде қылмыстық істі қай ведомство тергеуі керек екендігі анықталады, ал аумақтық белгіні есепке алу *(оған қылмыс жасалған жер ғана емес, сонымен бірге айыпталушының немесе куәгерлердің көпшілігінің орналасқан жері, жәбірленушінің тұрғылықты жері немесе тұрған жері және т.б. кіреді)* тиісті ведомствоның қай аумақтық

органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетінін белгілеуге мүмкіндік береді.

Бұл, әдетте, қылмыстық істі өз іс жүргізуіне қабылдауға тиісті алдын ала тергеу органын белгілеу үшін жеткілікті. Бұл орайда ҚПК қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арызды не хабарды тергеулігіне қарай беру ережесін де бекітіп қойған.

Мәселен, ҚПК-нің 186-бабының 1-бөліміне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арыздар немесе хабарлар:

1) қылмыстық құқық бұзушылық осы ауданнан, облыстан, республикалық маңызы бар қаладан, астанадан тысқары жерде жасалғанда және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде тергеу әрекеттерін жүргізу қажет болғанда;

2) қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру жүргізу басқа қылмыстық қудалау органының




айрықша тергеулігіне жататын болғанда, тергеулігі бойынша берілуге жатады².

Статистикалық мәліметтер бойынша, 2022 жылы тергеулігі бойынша берілген барлығы 58 073 (2021 ж. – 50 766, 2020 ж. – 36 112) істің үлесі: ҚПК-нің 186-бабы 1-бөлігі 1) тармағы бойынша – 27,9% немесе 16 203 (2021 ж. – 16 783, 2020 ж. – 11 801), ҚПК-нің 186-бабы 1-бөлігі 2) тармағы бойынша – 70,6% немесе 41 042 іс (2021 ж. – 32 961, 2020 ж. – 23 452), сондай-ақ ҚПК-нің 186-бабы 2-бөлігі бойынша – 0,6% немесе 328 (2021 ж. – 495, 2020 ж. – 466). Ал, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тергеулігі бойынша – 59 іс немесе 0,1% (2021 ж. – 32, 2020 ж. – 32) берілді³.

Атап айтқанда, тергеулігі бойынша жалпы

берілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі (70,6%) қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру жүргізу басқа қылмыстық қудалау органының айрықша тергеулігіне жататынын көрсетеді.

Соңғы үш жылдағы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар санының жалпы төмендеуіне қарамастан (2022 ж. – 157 473, 2021 ж. – 157 884, 2020 ж. – 163 226), тергеулігі бойынша берілген қылмыстық істердің саны қарқынды өсу динамикасын байқатады (1-суретті қараңыз). Бұл көрініс қылмыстық-процестік құқық ғылымындағы тергеулік институтының өзектілігін одан сайын арттырып, тергеулікті белгілеуде жіберілетін олқылықтарды көрсетеді деген болжамға келеміз.



1-сурет. СДТБТ-де тіркелген және тергеулігі бойынша жіберілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың салыстырмасы

Сонымен қатар қылмыстық-процестік теориядағы прокурордың немесе тергеу органы басшысының қалауы бойынша белгіленген қылмыстық істердің тергелуі

әдетте дискрециялық деп аталады. Бұл орайда алдын ала субъектілерінің белгілі бір қылмыстық істі тергеуі немесе тергемеуінде дискрециялық факторлардың орны ерекше

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі №231-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 05.06.2023).

³ «Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы» №1-Е есебі / Статистикалық есептер / Құқықтық статистика [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (жүгінген күні: 05.06.2023).



[14]; [15].

Атап айтқанда, ҚПК-нің 186-бабының 2-бөлігіне сәйкес қылмыстық қудалау органының басшысы арыздарды, хабарларды қолда бар материалдармен бірге прокурор арқылы тергеулігі бойынша жібереді⁴. Яғни, баламалы тергеулік мәселесін шешу прокурордың өкілеттілігіне жатады. Оған қоса түрлі алдын ала тергеу органдарының тергеулігіне жататын қылмыстық істерді бір іс жүргізуге біріктірген кезде тергеулікті прокурор айқындайтыны белгілі.

Бұл орайда ғалымдар өз жұмысында ҚПК-да қылмыстың ұйымдасқан түрлерімен байланысты істерді алдын ала тергеу бойынша баламалы тергеуліктің болуын ескере отырып, ішкі істер органдарымен қатар ҚК-нің 188-бабы 4-бөлігінің 2-тармағында көзделген қылмыстарды тергеу бойынша ұлттық қауіпсіздік органдарына өкілеттік беру қажеттілігін көрсетеді (мұнай-газ құбырынан жасалған жымқыру) [16].

Ал, заңгер-ғалым Е.А. Ералинаның ойынша ҚПК-да баламалы тергеуліктің болуы өзін ақтамайды деп санайды. Құқықтық тұрақтылық жағдайында қылмыстарды тергеудегі балама көбінесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін бұзуға, тергеушілік туралы қажетсіз дауларға әкеп соғады, одан кейін әуре-сарсаңға салу, күш-жігерді бұру, құзыреттіліктің қайталануы және сотқа дейінгі іс жүргізудің қалыпты жүруіне кедергі келтіретін басқа да жағымсыз жайттар орын алатынын айтты [13, 173 б.].

Халықаралық тәжірибеде, яғни Англия мен АҚШ-тың құқық қолдану практикасында заңнаманың болмауы, есептіліктің төмендеуі, институционалдық мәдениет пен техникалық құралдар, дәлелдеу ауыртпалығы мен ресурстар (тергеуге кедергілер) [17], сондай-ақ тергеушілердің тәжірибесі сияқты проблемалар бар [18].

Ал Францияда прокурор қылмыстық іс бойынша сот полициясы ретінде алдын ала тергеу жүргізетін органды өз бетінше таңдай алады. Мұндай таңдаудың жалғыз шарты – тиісті органның аумақтық құзыреті (Франция

ҚПК 3-бабының 3-бөлігі). Осылайша, прокурор өз қалауы бойынша қылмыстық істің тергеулігін белгілейді, сондай-ақ істі бір анықтау органынан екіншісіне беруге құқылы [19].

Қорыта айтқанда аталған шет елдердің заңнамасында тергеулікті белгілеуде прокурордың ерекше құзыреті көзделген. Алайда, белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеру мәселесі қарастырылмайды, тек қажеттілік болған жағдайда ғана жүзеге асырыла алады.

Өз кезегінде прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органнан істі алып қояды және ҚПК-да белгіленген тергеулігіне сәйкес оны басқа сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына береді; тергеп-тексерудің объективті және жеткілікті болуын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты ерекше жағдайларда, қылмыстық қудалау органының не қылмыстық процеске қатысушының жазбаша өтінішхаты бойынша істі бір органнан екінші органға береді не өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және оларды осы Кодексте белгіленген тергеулігіне қарамастан тергеп-тексереді⁵ (ҚПК-нің 193-бабы 1-бөлігі 12) тармағы).

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнамаға жүргізілген талдау 187-баптағы кейбір мәселелерді көрсетті. Мәселен, 2014 жылы ҚР ҚК қабылданған уақыттан бері 146-бабы бойынша (Азаптау) тергеулікті осы органның қызметкері болып табылмайтын адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе қаржы полициясы органдары (кейіннен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) жүргізетін болды. Аталған қылмыс аясында қоғамда үлкен резонанстар туды, арыз-шағымдар да көбейді. ҚР ҚПК-нің 193-бабының талаптарына сәйкес Бас прокуратураның келісуімен аталған бап бойынша басталған қылмыстық істер арнайы прокурорлардың тергеулігіне өтіп тұрды.

Кейіннен Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы маңызды екенін,

⁴ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі №231-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 05.06.2023).

⁵ Сол жерде.



қазіргі таңда осы мәселеге жауапты нақты бір орган жоқтығын, мұндай жағдай белгілі бір тәуекелдер туындатуы мүмкін екендігін айтып, бұл құзыретті Бас прокуратураға беруді ұсынды⁶.

Президенттің 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына, оның ішінде ҚПК-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2022 жылғы 5 қарашадағы заңға сәйкес ҚПК-нің 193-бабы 1-1-бөлігіне прокурор азаптаулар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратыны туралы норма енгізілді⁷.

Кейіннен 2023 жылғы 17 наурыздағы аталған мәселелер бойынша заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар туралы заңмен ҚК 146-бабының атауы өзгертіліп (*Қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас, азаптаулар*), тиісінше ҚК-нің 146-бабында (азаптауларға байланысты емес қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас жағдайларында үшінші және төртінші бөліктерінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері (ҚПК-нің 187-бабы), ал ҚК-нің 146-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары жүргізетіні көзделген (ҚПК-нің 191-бабы).

Аталған мәселені зерттей келе, заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ахпанов та сонау 2013 жылы ҚПК-да прокуратура органдарының айрықша тергеулігі белгіленбегендігін, яғни ҚР Бас Прокурорының 2013 жылғы 8 ақпандағы №1/15 нұсқаулығына сәйкес азаптаулар туралы қылмыстық істерді алдын ала тергеу прокуратура органдарының айрықша тергеулігіне жататынын айтты (мұндай нормашығармашылық «Нормативтік

құқық-тық актілер туралы» ҚР Заңының 3-бабының талаптарына тікелей қайшы етеді) [20, 67 б.].

Аталған мәселе қылмыстық-процестік құқық теориясы мен құқық қолдану практикасында өзектілігін жоғалтпаған мәселе болып келеді. Әрине, ҚР ҚК-нің 146-бабында көзделген қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу мәселесі шешілген деуге болады. Алайда, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 7-бабының 46-тармағында тергеулік түсінігі алдын ала тергеу органының құзыреттілігі критерийін бекітеді, бірақ аталған санаттағы қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру прокурор өкілеттіктерінің бірі болып саналады. Оған қоса, сауал алу барысында «тергеулік дегеніміз не?» деген сауалға респонденттердің 70%-ы «құзыреттік», ал қалған 30%-ы «өкілеттік» деп жауап берді.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде прокурордың азаптаулар туралы қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттігін ҚР ҚПК-нің 187-бабында айрықша тергеулік ретінде көздеу қажет деп санаймыз. *Қорытынды.* Сонымен тергеулік институты саласындағы ғылыми әдебиеттерді, заңгер-ғалымдардың пікірлері мен ұстанымдарын, құқық қолдану тәжірибесін зерделей келе, келесі тұжырымдар мен ұсынымдар жасалды.

Біріншіден, нақты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді не анықтауды жүргізу бойынша тергеулікті белгілеудің жалғыз белгісі арқылы ғана емес, яғни ғылыми негізделген критерийлер жиынтығы негізінде белгіленуі тиіс деп санаймыз. Тиісінше бұл қылмыстық істердің негізсіз үзілуі мен тоқтатылуынан, істі әуре-сарсаңға салуынан сақтап, қылмыстық істі сапалы және жан-жақты тергеп-тексеруге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Екіншіден, ҚР ҚПК-нің 193-бабында көзделген азаптаулар туралы қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру

⁶ Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 ж. 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_1 (жүгінген күні: 06.06.2023).

⁷ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2022 ж. 5 қарашадағы №157-VII ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000157> (жүгінген күні: 06.06.2023).



жөніндегі прокурордың өкілеттігін ҚР ҚПК-нің 187-бабында айрықша тергеулік құзыреті ретінде көздеу қажет деп пайымдаймыз.

Үшіншіден, жалпы тергеулік институтына байланысты қылмыстық-процестік құқық саласында мәселелердің болуына байланысты, сонымен қатар құқық қорғау

және арнайы органдарды реформалау аясындағы өзгерістерді ескере, сот-тергеу практикасын зерделей отырып, әрбір қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жекелеген талдаулар жүргізу арқылы терең ғылыми зерттеу қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Salet, R. Framing in criminal investigation: How police officers (re)construct a crime [Electronic resource] / R. Salet // The Police Journal. – 2017. – №90(2). – Pp. 128-142. – Access mode: <https://doi.org/10.1177/0032258X16672470> (Access data: 09.06.2023).
2. Vanina, E. Princely Crime and Colonial Punishment: A Murder Case in Historical Investigation [Electronic resource] / E. Vanina // Indian Historical Review. – 2020. – №47(1). – Pp. 7-20. – Access mode: <https://doi.org/10.1177/0376983620922414> (Access data: 09.06.2023).
3. Regoeczi, W.C. Homicide Investigations in Context: Exploring Explanations for the Divergent Impacts of Victim Race, Gender, Elderly Victims, and Firearms on Homicide Clearances [Electronic resource] / W.C. Regoeczi, J. Jarvis, A. Mancik // Homicide Studies. – 2020. – №24(1). – Pp. 25-44. – Access mode: <https://doi.org/10.1177/1088767918802885> (Access data: 09.06.2023).
4. Carrapiço, H. Europol and its Influence on EU Policy-making on Organized Crime: Analyzing Governance Dynamics and Opportunities, Perspectives on European Politics and Society [Electronic resource] / H. Carrapiço, F. Trainer. – 2013. – №14(3). – Pp. 357-371. – Access mode: <https://doi.org/10.1080/15705854.2013.817804> (Access data: 09.06.2023).
5. Когамов, М.Ч. Предварительное расследование уголовных дел в Республике Казахстан: состояние, организация, перспективы: монография; 2-е изд. / М.Ч. Когамов. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 128 с.
6. Супрун, С.В. Предметная подследственность органов дознания по производству дознания / С.В. Супрун // Российский следователь. – 2009. – №24. – С. 4-6.
7. Григорьев, В.Н. Подследственность в уголовном процессе (понятие, основания и порядок определения, проблемы разграничения): учеб. пособие / В.Н. Григорьев, А.В. Селютин. – М., 2002. – 115 с.
8. Безлепкин, Б.Т. Настольная книга следователя и дознавателя; 4-е изд. / Б.Т. Безлепкин. – М., 2022. – 256 с.
9. Татаров, Л.А. О подследственности как общем условии предварительного расследования в Российской Федерации / Л.А. Татаров // Закон и право. – 2019. – №8. – С. 77-79.
10. Петрухин, И.Л. Теоретические основы реформы уголовного процесса в России; часть II / И.Л. Петрухин. – М.: Велби, 2005. – 192 с.
11. Корнуков, В.М. Российский уголовный процесс. Вопросы особенной части: курс лекций / В.М. Корнуков. – Саратов, 2010. – 224 с.
12. Дикарев, И.С. Подследственность в уголовном процессе: вопросы теории и законодательной регламентации / И.С. Дикарев // Журнал российского права. – 2020. – №4. – С. 113-125.
13. Ералина, Л.А. Подследственность уголовных дел: история и современность / Л.А. Ералина; под науч. ред. д-ра юрид. наук, профес. М.Ч. Когамова. – Астана, 2005. – 188 с.
14. Michel, V. Institutional Design, Prosecutorial Independence, and Accountability: Lessons from the International Commission against Impunity in Guatemala (CICIG) [Electronic resource] / V. Michel // Laws. – 2021. – №10(3). – Pp. 58. – Access mode: <https://doi.org/10.3390/laws10030058> (Access data: 09.06.2023).
15. Freer, E. Overcrowding under the disciplinary umbrella: Challenges of investigating and punishing sexual misconduct cases in universities [Electronic resource] / E. Freer, A. Johnson // International Journal of Law in Context. – 2018. – №14(1). – Pp. 1-21. – Access mode: <https://www.cambridge.org/9781107000000>



org/core/journals/international-journal-of-law-in-context/article/overcrowding-under-the-disciplinary-umbrella-challenges-of-investigating-and-punishing-sexual-misconduct-cases-in-universities/BAC01F7B81A70B4F556538CA493EAA7D (Access data: 09.06.2023).

16. Имангалиев, Н.К. О совершенствовании уголовно-правовых норм об ответственности за хищение нефти / Н.К. Имангалиев, А.Т. Завотпаева // Вестник Института законодательства Министерства юстиции Республики Казахстан. – 2019. – №1(55). – С. 87-92.

17. Gagliardi, S. Identifying and understanding barriers to investigation of gender-based hate crimes: Perspectives from law enforcement in Ireland and the United Kingdom [Electronic resource] / S. Gagliardi, A. Valverde-Cano, O. Rice // Criminology & Criminal Justice. – 2022. – 0(0). – Access mode: <https://doi.org/10.1177/17488958221120885> (Access data: 09.06.2023).

18. Nelson, E.L. The Relationship Between Individual Police Officer Work Habits and the Stated Reasons Prosecutors Reject Their Domestic Violence Investigations [Electronic resource] / E.L. Nelson // SAGE Open. – 2013. – №3(4). – Access mode: <https://doi.org/10.1177/2158244013511826> (Access data: 09.06.2023).

19. Захаров, Н.В. Регламентация института подследственности уголовных дел в ряде зарубежных стран / Н.В. Захаров // Современное право. – 2008. – №7. – С. 108-112.

20. Ахпанов, А.Н. Конституционный статус прокуратуры Республики Казахстан / А.Н. Ахпанов // Правовые проблемы укрепления российской государственности: сб. статей; под ред. О.И. Андреевой, И.В. Чадновой. – Томский государственный университет. Издательство: Издательство Томского университета, 2015. – С. 64-72.

References:

1. Salet, R. Framing in criminal investigation: How police officers (re)construct a crime [Electronic resource] / R. Salet // The Police Journal. – 2017. – №90(2). – Pp. 128-142. – Access mode: <https://doi.org/10.1177/0032258X16672470> (Access data: 09.06.2023).

2. Vanina, E. Princely Crime and Colonial Punishment: A Murder Case in Historical Investigation [Electronic resource] / E. Vanina // Indian Historical Review. – 2020. – №47(1). – Pp. 7-20. – Access mode: <https://doi.org/10.1177/0376983620922414> (Access data: 09.06.2023).

3. Regoeczi, W.C. Homicide Investigations in Context: Exploring Explanations for the Divergent Impacts of Victim Race, Gender, Elderly Victims, and Firearms on Homicide Clearances [Electronic resource] / W.C. Regoeczi, J. Jarvis, A. Mancik // Homicide Studies. – 2020. – №24(1). – Pp. 25-44. – Access mode: <https://doi.org/10.1177/1088767918802885> (Access data: 09.06.2023).

4. Carrapiço, H. Europol and its Influence on EU Policy-making on Organized Crime: Analyzing Governance Dynamics and Opportunities, Perspectives on European Politics and Society [Electronic resource] / H. Carrapiço, F. Trainer. – 2013. – №14(3). – Pp. 357-371. – Access mode: <https://doi.org/10.1080/15705854.2013.817804> (Access data: 09.06.2023).

5. Kogamov, M.Ch. Predvaritel'noe rassledovanie ugovolnyh del v Respublike Kazahstan: sostojanie, organizacija, perspektivy: monografija; 2-e izd. / M.Ch. Kogamov. – Almaty: Zheti Zharry, 2004. – 128 s.

6. Suprun, S.V. Predmetnaja podsledstvennost' organov doznaniya po proizvodstvu doznaniya / S.V. Suprun // Rossijskij sledovatel'. – 2009. – №24. – S. 4-6.

7. Grigor'ev, V.N. Podsledstvennost' v ugovolnom processe (ponjatje, osnovanija i porjadok opredelenija, problemy razgranichenija): uceb. posobie / V.N. Grigor'ev, A.V. Seljutin. – M., 2002. – 115 s.

8. Bezlepkina, B.T. Nastol'naja kniga sledovatelja i doznatelja; 4-e izd. / B.T. Bezlepkina. – M., 2022. – 256 s.

9. Tatarov, L.A. O podsledstvennosti kak obshhem uslovii predvaritel'nogo rassledovaniya v Rossijskoj Federacii / L.A. Tatarov // Zakon i pravo. – 2019. – №8. – S. 77-79.

10. Petruhin, I.L. Teoreticheskie osnovy reformy ugovolnogo processa v Rossii; chast' II / I.L. Petruhin. – M.: Velbi, 2005. – 192 s.



11. Kornukov, V.M. Rossijskij ugolovnyj process. Voprosy osobennoj chasti: kurs lekcij / V.M. Kornukov. – Saratov, 2010. – 224 s.
12. Dikarev, I.S. Podsledstvennost' v ugolovnom processe: voprosy teorii i zakonodatel'noj reglamentacii / I.S. Dikarev // Zhurnal rossijskogo prava. – 2020. – №4. – S. 113-125.
13. Eralina, L.A. Podsledstvennost' ugolovnyh del: istorija i sovremennost' / L.A. Eralina; pod nauch. red. d-ra jurid. nauk, profes. M.Ch. Kogamova. – Astana, 2005. – 188 c.
14. Michel, V. Institutional Design, Prosecutorial Independence, and Accountability: Lessons from the International Commission against Impunity in Guatemala (CICIG) [Electronic resource] / V. Michel // Laws. – 2021. – №10(3). – Pp. 58. – Access mode: <https://doi.org/10.3390/laws10030058> (Access data: 09.06.2023).
15. Freer, E. Overcrowding under the disciplinary umbrella: Challenges of investigating and punishing sexual misconduct cases in universities [Electronic resource] / E. Freer, A. Johnson // International Journal of Law in Context. – 2018. – №14(1). – Pp. 1-21. – Access mode: <https://www.cambridge.org/core/journals/international-journal-of-law-in-context/article/overcrowding-under-the-disciplinary-umbrella-challenges-of-investigating-and-punishing-sexual-misconduct-cases-in-universities/BAC01F7B81A70B4F556538CA493EAA7D> (Access data: 09.06.2023).
16. Imangaliev, N.K. O sovershenstvovanii ugolovno-pravovyh norm ob otvetstvennosti za hishhenie nefi / N.K. Imangaliev, A.T. Zavotpaeva // Vestnik Instituta zakonodatel'stva Ministerstva justicii Respubliki Kazahstan. – 2019. – №1(55). – S. 87-92.
17. Gagliardi, S. Identifying and understanding barriers to investigation of gender-based hate crimes: Perspectives from law enforcement in Ireland and the United Kingdom [Electronic resource] / S. Gagliardi, A. Valverde-Cano, O. Rice // Criminology & Criminal Justice. – 2022. – 0(0). – Access mode: <https://doi.org/10.1177/17488958221120885> (Access data: 09.06.2023).
18. Nelson, E.L. The Relationship Between Individual Police Officer Work Habits and the Stated Reasons Prosecutors Reject Their Domestic Violence Investigations [Electronic resource] / E.L. Nelson // SAGE Open. – 2013. – №3(4). – Access mode: <https://doi.org/10.1177/2158244013511826> (Access data: 09.06.2023).
19. Zaharov, N.V. Reglamentacija instituta podsledstvennosti ugolovnyh del v rjade zarubezhnyh stran / N.V. Zaharov // Sovremennoe pravo. – 2008. – №7. – S. 108-112.
20. Ahpanov, A.N. Konstitucionnyj status prokuratury Respubliki Kazahstan / A.N. Ahpanov // Pravovye problemy ukreplenija rossijskoj gosudarstvennosti: sb. statej; pod red. O.I. Andreevoj, I.V. Chadnovoj. – Tomskij gosudarstvennyj universitet. Izdatel'stvo: Izdatel'stvo Tomskogo universiteta, 2015. – S. 64-72.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Талғат Ғабитұлы Маханов – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты Қылмыстық процесс проблемаларын зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: makhanov1986@mail.ru.

Маханов Талғат Габитович – старший научный сотрудник Центра исследования проблем уголовного процесса Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, магистр юридических наук, e-mail: makhanov1986@mail.ru.

Makhanov Talgat Gabitovich – Senior Researcher at the Center for the Study of Criminal Procedure Problems of the Interdepartmental Research Institute of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Law, e-mail: makhanov1986@mail.ru.